

Экономикалық теория
пәні

Тақырып 1. Экономикалық
теорияның пәні және зерттеу
әдістері

аға оқытушы
Садуллаева А.П.

Дәрісте қарастырылатын сұрақтар:

1. Экономикалық теорияның даму кезеңдері.

2. Экономикалық теория пәні.

Қажеттіліктер. Қажеттілікке әсер етуші факторлар.


3. Экономикалық процесстерді тану әдістері.

4. Экономикалық категориялар және заңдар. Экономикалық теорияның функциялары



1. Экономикалық теория шаруашылықты жүргізу туралы қолданбалы ғылым ретінде құл иеленушілік кезеңнен бастап қалыптасты. Бірақ ол XVI-XVIII ғ.ғ. ғана саяси экономия (грек тілінен аударғанда политейя- қоғам, ойкос- үй шаруашылығы, номос- заң) деген атауға ие болды

Экономика ғылымының қалыптасуына үлестерін қосқан мектептер



Меркантилизм мектебі.
Бұл мектеп өкілдерінің алға қойған мәселесі- мемлекет байлығының қалыптасу көздері мен нысанын анықтау. Олар қоғамдық байлықтың негізгі нысаны - ақша, алтын, ал оның пайда болу көзі - сауда деп білді.



Физиократтардың (грекше физис-табиғат, ал кратос-билік дегенді білдіреді) пікірі бойынша қоғамдық байлықтың көзі саудада емес, өндірісте, соның ішінде ол тек қана ауыл шаруашылығында жасалады. Мектептің негізін қалаушы Ф. Кенэ, А. Тюрго және т.б.



Классиктер қоғамның байлығы жалпы өндіріс салаларында пайда болатындығын дәлелдеді. Ауыл шаруашылығымен қатар, өнеркәсіптегі материалдық игіліктерді өндіру, өңдеу процестерін жалғастыратын байланыс, халыққа қызмет көрсету салаларында да жаңа құн өндіріліп, қоғамдық байлық молая түседі деген қағиданы қалыптастырды.

Классическая политэкономия
Адам Смит и Давид Рикардо



Маржинализм (французша marginal- шекті) мектебінің ортаға салған мәселесі - шаруашылық қатынастарға тартылған жеке адамның іс-әрекетін субъективті-психологиялық тұрғыдан экономикалық талдау. Яғни, кез-келген адам игіліктің құндылығын субъективті түрде анықтайды, оның пайдалылығына қарай бағасын орнықтырады.





Неоклассикалық
бағыт, негізін қалаушы
ағылшын экономисі - А.
Маршалл (1842- 1924).. Ол
өндіріс шығындары,
сұраныс пен ұсыныс,
шекті пайдалылық және
шекті өнімділік теориясын
біріктіруге тырысты.



• **2. Экономикалық теорияның пәні**

- адамдар мен әртүрлі әлеуметтік топтар арасында игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну процестерімен байланысты қалыптасатын экономикалық қатынастарды зерттеу.



П. Самуэльсон экономикалық
теорияның бірнеше анықтамаларын
берді

адамдар арасында ақшалай келісім-шарттар мен айырбасқа байланысты қызмет түрін зерттейтін ғылым;

тауарды өндіру және бөлу үшін қажет шектеулі ресурстарды тиімді пайдалану туралы ғылым;


адамның күнделікті өмірде тұтыну мен өндіріс саласындағы міндеттерін жүзеге асыруды қарастыратын ғылым;

байлық туралы
ҒЫЛЫМ.

Қоғам алдындағы негізгі экономикалық мәселелер 2 экономикалық аксиома арқылы көрсетіледі:

1.Адам қажеттілігі шексіз және толығымен қанағаттандыру мүмкін емес;

2.Қажеттікті қанағаттандыратын тауарлар мен қызметтерді өндіруге қажетті ресурстар шектеулі және сирек кездеседі.






Қажеттілік – бұл жеке адам мен қоғамның дамуына қажетті заттарға деген мұқтаждығы.

Қажеттілік 3-ке бөлінеді:

- Материалдық
- рухани немесе мәдени
- Әлеуметтік



3. Экономикалық процестерді зерттеу әдістері: ғылыми абстракция, талдау және жинақтау, индукция мен дедукция әдістері, статистикалық мәліметтер жинақтау, болжамдар жасау және оны тексеру, тәжірибелер жүргізу, логикалық және математикалық модельдер жасау.





Ғылыми абстракция
дегеніміз - зерттеу пәнін жеке,
кездейсоқ, қысқа мерзімді, дара
құбылыстардан біздің түсінігімізді
оқшаулап, оның тұрақты,
әрдайым қайталанатын мәнін,
маңызын ашу.

Талдау-

экономикалық құбылыстарды жеке элементтерге жіктеп, оның әрбір элементін біртұтастың қажетті, құрамдас бөлігі ретінде зерттеу.

Жинақтау

бұл экономикалық құбылыстардың жеке элементтерін біріктіріп, біртұтас зерттеу

Индукция

жеке оқиғадан, құбылыстардан логикалық пайымдау арқылы жалпы ортақ қағидалар шығару

Дедукция

жалпы қағидалар негізінде экономикалық объектілердің, процестердің кейбір жеке көріністері мен ерекшеліктері сипатталады.



4. Экономикалық категориялар және заңдар

Экономикалық

экономикалық категориялар - қоғамның экономикалық өмірінің нақты жағдайларын теориялық тұрғыдан сипаттайтын логикалық түсініктер. Мысалы, тауар, құн, ақша сұраныс, ұсыныс.

Экономикалық заңдар - қоғам дамуының түрлі сатыларындағы материалдық игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну қатынастарын анықтайды.

Экономикалық
теорияның
функциялары

методологиялық

танымдық

тәжірибелік



Назарларыңызға рахмет!

